

С. Мұқанов атындағы  
облыстық әмбебап ғылыми кітапхана  
Инновациялық – әдістемелік бөлім

# Магия успеха

## ИЛИ

# Школа профессионального роста

Многоуровневая программа непрерывного библиотечного образования  
на 2011-2013 гг.



Г. Петропавловск, 2010 г.

## Бағдарлама паспорты

Бағдарлама атауы	<b>“Табыс сыйқыры немесе кәсіби өсу мектебі” авторлық бағдарламасы</b>
Өзірлеуге негіз болды:	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Көпшілік кітапханалар қызметін дамыту бойынша ИФЛА/ ЮНЕСКО жетекшілігі</li> <li>▪ Көпшілік кітапхана қызметінің моделді стандарты</li> <li>▪ «Мәдениет туралы» :Қазақстан Республикасының 26.12.2006 ж. №207 заңы</li> <li>▪ Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2012 жылдың 27 қаңтарындағы “Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы</li> <li>▪ Солтүстік Қазақстан облысы кітапханалық ісінің 2015 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы</li> <li>▪ Қазақстан Республикасы кітапханалық мекемелерінің қызметі туралы 08.05..2002 ж, №118 Ережесі.</li> <li>▪ 2008-2010 жж. арналған Солтүстік Қазақстан облысының кітапханаларын жаңғырту Бағдарламасы</li> <li>▪ “С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан әмбебап ғылыми кітапханасы” ММ жарғысы</li> </ul>
Бағдарламаны әзірлеуші	С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан әмбебап ғылыми кітапхана
Бағдарлама мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кітапханалардың әсерлі жұмысын қамтамасыз ету үшін және олардың қазіргі заманғы экономикалық жағдайда динамикалық дамуы үшін облыс пен қаланың кітапхана қызметкерлеріне білімін, еңбек өтілін, лауазымын есепке ала отырып, үздіксіз білім беру сатысын құру;</li> <li>- Дәстүрлі және инновациялық технологияларды қолдана отырып, бағдарламаны тыңдаушыларды бүгінгі және ертеңгі күнгі жұмыс талаптарына сай кәсіби білім мен біліктілікке үйрету;</li> <li>- Кәсіби қызметіндегі шығармашылық қарымын жүзеге асыра алуы үшін әр кітапханашыға жайлы режим жасау;</li> <li>- Шығармашылық ойлай алатын, дербес, кәсіби жаңашыл кітапханашыны тәрбиелеу.</li> <li>-</li> </ul>
Бағдарлама міндеттері	<p><b>Стратегиялық:</b> Кітапхана қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін қоғамның қазіргі заманғы кітапханаға қоятын талаптарына сай сәйкестендіру</p> <p><b>Зерттеушілік:</b> Өткізілген шаралардың әсерін бағалау, сауалнама және арнайы тестілеу жүргізу арқылы оқу бағдарламасының оқытылып жатқан әр санаттағы қызметкерлерге тигізер пайдасын анықтау.</p> <p><b>Әдістемелік:</b> Бағдарламаның оқу жоспарын әзірлеу, оқушылардың әр санаты үшін оқытудың оңтайлы әдістері мен түрлерін</p>

	<p>таңдап алу;  Біліктілікті жоғарылату және оқудың өздігінен білім алу түріне көмекке әдістемелік құралдар қорын және кітапхана қызметінің барлық бағыттары бойынша ұсынымдар қалыптастыру, с.і. электронды түрде және AV-тасығыштарда;  Тұрғындарға кітапханалық қызмет көрсетудің алғы түрлері мен әдістерін тауып, зерттеу және алға тарту.  <b>Ұйымдастыру бағытында:</b>  Бағдарламаның оқытушыларын таңдау, оқудың техниклық жабдықталу мәселелерін және басқа қосымша мәселелерді шешу;  Бағдарлама деңгейлері бойынша оқушы топтарды толықтыру және келім санын бақылау;  Оқыту және біліктілікті көтеру сұрақтары бойынша есеп және құжаттама жүргізу.</p>
Іске асыру әдістері мен бағдарламаға қатысушылар	С.Мұқанов атындағы ОӘҒК жанында облыстың аудандық және селолық кітапханаларының және ОӘҒК кітапхана қызметкерлерін оқыту базасын құру.
Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі	2011-2013 жылдар
Бағдарламаны қаржыландыру	Бағдарламаны қаржыландыру 2011-2013 жж. арналған Солтүстік Қазақстан облысы кітапханаларын жаңғырту Бағдарламасының шеңберінде бөлінетін қаражатпен жүзеге асырылады.
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Облыста толық үздіксіз кітапханалық білім беру инфрақұрылымын құру</li> <li>▪ Қазақстандық кітапханалық ортаға кітапханалық инноватиканы шұғыл трансляциялау</li> <li>▪ Кітапхана қызметкерлерінің кәсіби деңгейінің жоғарылауы</li> <li>▪ Кітапханалық мамандық беделінің өсуі</li> <li>▪ Облыс кітапханаларын жаңғырту, оларды адамудың жаңа сатысына көтерілуі</li> <li>▪ С.Мұқанов атындағы ОӘҒК элеуметтік мәдени институт және ұйымдастырушы-әдістемелік орталық ретінде қоғамдық мәртебесінің және маңызының жоғарылауы</li> </ul>

## Бағдарламаның негізі

Еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі түбірлі өзгерістер кітапханалар алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер қояды.

Қазіргі заманғы кітапханалардың дамуы көптеген құрамдас бөліктерден құралады – қаржыландыру деңгейінен, техникалық қамсыздануынан, ұжымның шығармашылық және кәсіби қарымынан.

Көптеген мамандар қоғамда болып жатқан өзгерістердегі жаңа жағдайларда бейімделуге тәжірибеші-кітапханашыларда білім мен біліктіліктің жоқтығын мойындайды. Осыған байланысты мамандар кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін көтеру бойынша шаралардың жаңа түрлерін іздестіру қажеттігін жақсы түсінеді.

Шынайы кітапханаға айналу мен желінің виртуалды ресурстарына айналу таңдауы тұрған жағдайда кітапхана бұрынғы мызғымас принциптерін қайта қарастыра отырып өзгеруі қажет. Жаңа ақпараттық ортаның технологиялық реалийлері кітапхана жұмысының түбегейлі өзгерісіне алып келеді. Технологиялық парадигманың ауысуы кітапхананың көптеген ішкі үрдістерін түбегейлі түрлендіреді, кадрлық ресурстар қайта бөлінеді, кітапхана мамандығының мазмұны өзгереді және т.с.

Бүгінде қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру үрдісін жаңғырту қажеттігі мәселесі туындап отыр.

Облыстық деңгейде толық, тұрақты қызметкерлердің барлық санатының біліктілігін жоғарылату жүйесінің бар болуы, жалпы Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсетуге оңтайлы әсерін береді.

Облыстық кітапханалардың кадрлық жағдайын сараптау кітапханашылардың 9,5 % жоғары кітапханалық, 20% жоғарысы арнайы орта білімді маман екендігін көрсетеді.

Олардың ішінде қызметкерлердің 22,5 % еңбек өтілі 25 жылдан асады. Әрбір қызметкердің төртіншісі – педагогикалық, техникалық білімді мамандар. Бұл қызметкерлердің жұмыс тәжірибесі бар болғанмен, кәсіби білімі мен арнайы біліктілігі жоқ. Дегенмен, жоғары білімі бар кітапхана қызметкерлерінің 13 % гуманитарлық пәндердің педагогтары.

Оқу мекемелерін аяқтап кітапханаға келген жас мамандар оқырмандармен қарым-қатынас кезінде және оларға ақпараттық қызмет көрсету кезінде, өз қызметін дамыту жолдарын анықтау кезінде қиындыққа тап болады.

Кадрларды дайындау ақшалай шығынды және уақытты көп қажет етеді, дегенмен осының бәрі кітапханалардың нақты деңгейінің болуымен және сапалы дамуымен жабылады.

Кітапхананың нәтижелі жұмысының маңызды факторы, оның қызметкерлерінің кәсібилігі, құрамының сапалы іріктелуі. С.Мұқанов атындағы ОӘҒК 70 адам қызмет атқарады, оның ішінде кітапхана қызметкерлері – 52 адам. Кітапхана қызметкерлерінің білім деңгейі жеткілікті жоғары:

- ❖ Жоғары білімді – 35 адам (67 %);
- ❖ С.і. жоғары кітапханалық – 12 адам. (31 % жоғары білімді қызметкерлер санынан);
- ❖ Арнайы орта білімді – 17 адам (33 %);
- ❖ С.і. орта арнайы кітапханаылық – 9 адам (53 % орта арнайы білімді қызметкерлер санынан)

Жоғары білімді қызметкерлердің көбісі жоғары педагогикалық білімнің мамандары. 2006 жылмен салыстырғанда жоғары білімді қызметкерлердің саны 5% жоғарылады. 2007 жылы үш қызметкер жоғары оқу орындарын бітірді, олардың біреуі – екінші жоғары білім алды. 4 адам сырттай оқиды – біреуі орта арнайы оқу мекемесінде, үшеуі – жоғары оқу орнында.

## **Бағдарлама мақсаты:**

- Облыс және қала кітапханалары қызметкерлеріне білімін, еңбек өтілін және қызмет орнын есепке ала отырып кітапханалар жұмысының белсенділігін қамтамасыз ету үшін және қазіргі заманғы экономикалық жағдайда қарқынды дамуы үшін үздіксіз білім беру сатысын құру;
- Бағдарламаны тыңдаушыларды дәстүрлі және инновациялық технологияларды қолдана отырып, бүгінгі және ертеңгі жұмыс талаптарына сай кәсіби білім мен біліктілікке үйрету;
- Әрбір кітапханашыға өзінің шығармашылық қарымы мен кәсіби қызметін жүзеге асыра алуы үшін қолайлы режим жасау;
- Шығармашылық ойы ұшқыр, дербес, кәсіби жаңашыл кітапханашыны тәрбиелеу.

## **Бағдарлама міндеттері:**

### **Стратегиялық:**

Кітапхана ұжымының білімі мен біліктілігін қоғамның қазіргі заманғы кітапханаға қоятын талаптарына сәйкестендіру.

### **Зерттеушілік:**

Өткізілген сабақтардың тиімділігін бағалау, оқу бағдарламасының оқытын қызметкерлердің әрбір санатына пайдасын сауалнама және арнайы тестілеу арқылы анықтау.

### **Әдістемелік:**

Бағдарламаның оқу жоспарын әзірлеу, білім берудің оңтайлы әдістері мен түрлерін іріктеу және оқушылардың әрқайсысына сай келуін қадағалау;

Кітапхана қызметінің барлық бағыттары бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар қорларын біліктілігін көтеру мен дербестігі үшін құру, сондай-ақ оларды электронды түрде және AV-тасығыштарда дайындау;

Тұрғындарға кітапханалық қызмет көрсетудің алғы формалары мен түрлерін анықтап, зерттеу және алға жылжыту.

### **Ұйымдастырушылық:**

Бағдарлама оқытушыларын таңдау, оқуды техникалық қамтамасыз ету және басқа да қосымша сұрақтарды шешу;

Бағдарлама деңгейлері бойынша оқушы топтарды толықтыру және олардың келімін қадағалау;

Білім беру және біліктілікті көтеру мәселелері бойынша есеп және құжаттама жүргізу.

## **Бағдарламаның жетістікке жетуіне әсер ететін факторлар:**

- Білім берудің жіктелуі және даралануы;
- Білім берудің үйлесімділігі, топтамалы болуы, жүйелілігі;
- Білім беру әдістері мен түрлерінің реттілігі, жүйелілігі және вариациялы болуы;
- Қойылатын талаптың бірыңғай болуы, білім берудегі сабақтастық;
- Білім берудің кітапханадағы жұмыс тәжірибесімен байланысы;
- Кітапханашылардың оқуға деген когнитивті дайындығы;
- Оқу барысында кітапханашылардың саналы, белсенді, шығармашылық ынтымақтамамен қарауы;
- Бағдарламаны орындау барысында үнемі оқу үрдісін түзету.

## Солтүстік Қазақстан облысы кітапханаларының қызметкерлеріне үздіксіз кітапханалық білім беру ҮЛГІСІ

С.Мұқанов атындағы ОӘФК инновациялық-әдістемелік бөліміндегі бағдарламаны ойдағыдай жүзеге асыру үшін “Кәсіпқой” кітапханалық білім беру Орталығын құру жоспарлануда. Орталықтың жұмысы 4 бағытқа негізделеді:

- Ғылыми-зерттеу қызметі
- Әдістемелік қызметті автоматтандыру
- Кәсіби дамушы ортаны қалыптастыру
- Әлеуметтік технологияларды қолдану

Берілген бағдарламаның мекен-жайлық бағыты білім берудің екі деңгейін қарастырады: аудандық деңгей және қалалық деңгей.

Базистік блок әрбір деңгейде мамандандырылған кәсіби оқу бірлестіктерінің қызметі үшін қолайлы жағдай жасайды: “Шеберлікке жету” библиокласы, “Дарын” шығармашылық мектебі, “Көшбасшы” жетекшілер мектебі.

### **1. Ғылыми-зерттеу қызметі**

- 1.1. Әлемдік қауымдастық жинақтаған, кітапханашыларға үздіксіз білім беру бойынша кәсіби маңызы бар жетістіктерді тереңдете зерттеу және қолдану
- 1.2. Облыстық кітапханалардың кадрлық құрамының мониторингін жүзеге асыру.
- 1.3. Кәсіби білім алуда жүрдек-сауалдама, сауалнама жүргізу, әлеуметтік зерттеу арқылы мамандардың қажеттіктерін зерттеу
- 1.4. Оқу үрдісінің әдісіне инновациялық компоненттерді енгізу мақсатында әдістемелік жобаларды, бағдарламаларды, үлгілерді және т.б. жасау.

Ғылыми – зерттеу қызметі облыста үздіксіз кітапханалық білім берудің жаңа саясатын қалыптастыруға және мамандардың болашаққа қажет біліктілігін жоғарылату стратегиясын әзірлеуге көмектеседі.

### **2. Әдістемелік қызметті автоматтандыру**

- 2.1. Облыс кітапханаларына іскер электронды досьені жетілдіру: кітапханалардың жан-жақты мінездемесі, кітапхана қызметкерлерінің кадрлық құрамы жөнінде мәлімет, олардың біліктілігі мен кәсіби өсуін жоғарылату (2011-2013 жж).
- 2.2. Жаңа идеялардың, бағдарламалардың және жобалардың автоматтандырылған банкін құру және қолдану: аймақтық, республикалық және халықаралық инновациялық тәжірибе (2011 ж).
- 2.3. “Кітапханалық істегі жаңартпалар” CD-ROM құру (2012 ж).
- 2.4. С.Мұқанов атындағы ОӘФК сайтында кітапхана қызметкерлеріне үздіксіз білім беру үрдісін бейнелейтін жаңа Web-бет әзірлеу және құру (2012 ж).
- 2.5. Кітапхана амандарын дистанциялық оқыту (2013 ж.)

Компьютерлік технологияларды әдістемелік қызметке енгізу, кітапхана мамандарының кітапхана консорциумының деректер базасына, ресейлік және әлемдік ақпараттық-әдістемелік ресурстарға қол жеткізе алуын қамтамасыз ету, ол кітапханашыларға жедел консультативтік және практикалық көмек беруге, білім беру үрдісінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

### **3. Кәсіби дамушы ортаның қалыптасуы**

- 3.1. С.Мұқанов атындағы ОӘФК әдістемелік қызметін үздік ағымды және профильді әдебиеттің жалғасушы басылымдарымен дәстүрлі және электронды түрде қамтамасыз ету (2011-2013 жж).
- 3.2. Қосымша кітапханалық білім берудің қазіргі заманғы бағдарламаларын алу (барлық кезең)
- 3.3. Білім беру сипатты кітапханалық өнім жасау және басып шығару: кітапхана жұмысына көмекші құралдар, ақпараттық-талдау материалдары, сценарий материалдарының жинағы (барлық кезең)

3.4.Отандық және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу арқылы инновациялық-әдістемелік бөлімнің қорын әдістемелік мазмұнды жаңа қызықты материалдармен толықтыру (барлық кезең).

3.5.Бейнелі ақпараттандыру: жарнамалық стендтерді, оқу-әдістемелік бұрыштарды, “Библиоел” баспасөз орталығын, экспозициялар мен кітапхана жұмысының негізгі бағыттары байынша әдістемелік көрмелер ресімдеу. (барлық кезең)

Құжаттық-ақпараттық әдістемелік ресурстарды қалыптастыру және ұйымдастыру принципті өзгерістегі технологиялық және әлеуметтік ортада кітапханашының кәсіби әлеуметтенуінің маңызды факторына айналады.

#### **4. Әлеуметтік технологияларды қолдану**

##### **4.1.Паблик рилейшнз (PR) (барлық кезең)**

✳ “Кәсіпкер” мамандарға үздіксіз кітапханалық білім беру Орталығының әдістемелік қызметі туралы ақпаратты БАҚ арқылы тарату

✳ Тілектес қоғамдық пікір, облыстық кітапханалар жүйесінің жағымды имиджін қалыптастыру.

##### **4.2.Әлеуметтік серіктестік (барлық кезең)**

✳ Үкімет органдарымен, Петропавл қ. оқу мекемелерімен, мәдениет мекемелерімен және басқа да құрылымдармен серіктестік және келісімдік қарым-қатынас орнату.

✳ Аймақтық, республикалық және шетелдік деңгейдегі кітапханалармен кәсіби достастық дамыту, кітапханалардың бірлескен одағына белсенді қатысу.

✳ Қала мен облыстың кітапханалық мекемелеріне білім беру шараларын өткізуге және оқу бағдарламаларын әзірлеуге ғылыми-әдістемелік, консультативтік көмек көрсету.

##### **4.3. Фандрайзинг (барлық кезең)**

✳ Бағдарламаны материалды-техникалық қамтамасыз ету үшін бюджеттен тыс қаражатты демеушілер мен сый берушілерді тарту.

✳ С.Мұқанов атындағы ОӘҒК республикалық және халықаралық кітапханалық байқауларға, кәсіби білім берудегі бағдарламалар мен жобаларға қатысуы Білім беру жүйесінің әлеуметтік ашықтығы қоғам алдында С.Мұқанов атындағы ОӘҒК әдістемелік қызметінің жағымды имиджін құруға, кітапхана әлемінде ОӘҒК беделін танытуға және өсіруге мүмкіндік береді.

## Солтүстік Қазақстан облысының кітапхана қызметкерлеріне үздіксіз кітапханалық білім берудің графикалық моделі



### Бағдарламаны жүзеге асыру құрылымы

Бағдарлама С.Мұқанов атындағы ОӘҒК инновациялық-әдістемелік бөлімінің тікелей жетекшілігімен жасалған облыстық кітапхананың барлық бөлімшелерінің көп жоспарлы, жүйелі мақсатқа бағытталған және үйлескен қызметінен тұрады.

Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі облыстың қалалық және аудандық кітапханалары үшін мамандандырылған кәсіби оқу бірлестіктерін ұйымдастыруды жоспарлайды.

Бағдарламаның әрбір деңгейі орындалу мерзімі мен орындаушыларға байланысты және қойылған мақсаттарға жетуге, бағдарламалық міндеттерді шешуге бағытталған жүйелі шараларды әзірлеп, жасайды.

### Кәсіби бірлестіктердің қызметі

«Кәсіпкер» кітапханалық білім беру Орталығының шеңберінде қалалық және аудандық деңгейде маңызы тең мамандандырылған кәсіби оқу бірлестіктерінің қызметі шамаланған.



## **“Жетістікке жету” библиокласы**

“Жетістікке жету” библиокласы қызметінің өзектілігі бастаушы және арнайы білімі жоқ кітапханашылардың кәсіби бейімделуінің қажеттігімен, кәсіби шеберлікке және өз ісіне деген қызығушылығын тәрбиелеуімен анықталады.

### **Мақсаты:**

Кітапханашыларды кәсіби қызмет түрлерін орындауға қажетті бастапқы және қосымша білім мен біліктілікке үйрету.

### **Міндеттері:**

- ✳ Халыққа кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда теориялық білім мен тәжірибелік біліктілікке қолжеткізу.
- ✳ Негізгі кітапханалық технологиялық үрдістерді игеру
- ✳ Кітапханашылардың өздігінен білім алуы мен өзін жетілдіруін ынталандыру.

### **Білім берудің түрлері мен әдістері:**

Лекциялар (лекция-сұхбаттар), практикалық тапсырмалар, іскер ойындар, «Шебер-клас» (шығармашылық зертхана), тестілеу.

Сабақ беру қортындысы бойынша тест-сынақ алынады.

Оқу бағдарламасының және қолданылатын білім беру әдістерінің мазмұны тыңдармандардың алған білімі мен біліктілігін күнделікті жұмыстарына қолдануға бағытталған.

### **Бағдарламалық шаралар тізімі**

№ р/н	Білім беру түрі	Жүзеге асыру мерзімі
<b>Аудандық деңгей</b>		
1	“Кітапханалық мамандық негізі” практикумы	2011
2	“Кітапханашы мамандығы” тәжірибелік сұхбат	2011
3	“Қор есебі. Оқырмандарды және кітап берілімді тіркеу журналы” теория сағаты	2011
4	«Оқырмандармен жеке жұмыс» консультациясы	2011
5	«Оқырмандармен ақпараттық-библиографиялық және анықтамалық жұмыс» таным сағаты	2012
6	«Село кітапханаларының кітап қорларын ұйымдастыру және рәсімдеу» бейнепрактикумы	2012
7	“Кітапханашының кәсіби этикасы” іскер ойын	2012
8	“Оқырмандарға қызмет көрсетудің жаңа түрлері мен әдістері” кітапханалық практикум	2012
9	“Аудан кітапханалары: тарихы, дәстүрі, қызметінің бағыты, ауыл аймағында жұмыс жасау ерекшелігі” сұхбаттасуы	2013
10	«Село кітапханасында кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру» көшпелі практикум	2013
11	«Кітап көрмесі: жаңа бейне ізденісі» практикумы	2013
12	«Қарызы барлармен жұмыс – жаңа жолдар ізденісі» іскер ойын	2013
<b>Қалалық деңгей</b>		
1	«Кітапханашы мамандығы» тәжірибелік сұхбат	2011
2	«Кітапхананы қолдану ережелері. Оқырмандар мен кітапханашылардың құқықтары мен міндеттері» таным сағаты	2011
3	«Кітапханалық қатынас» теориялық монолог	2011
4	Библиоология «Оқырмандарға қызмет көрсетудің түрлері мен әдістері»	2012
5	«Құжаттың библиографиялық сипаты» теория мен практика	2012

	сағаты	
6	«Каталогтармен жұмыс» жүрдек-бақылау	2012
7	«Кітапханадағы жаппай жұмыс түрлері» Бейнепрактикум	2013
8	«Оқырмандар қалауын зерттеу» кітапханалық практикум	2013
9	«Кітапханалар тобы және типологиясы» таным сабағы	2013

Тыңдаушылардың кітапхана функциялары мен міндеттерін айқын түсінуі, кітапханалардың түрлі бағыттағы жұмысымен танысуы білім беру қортындысына айналуы керек.

## **«Дарын» шығармашылық мектебі**

**Қызметінің өзектілігі:** жаңа батыл ойларды алға тартып, оларды жарыққа шығара алатын белсенді шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға арналған. Шығармашылық шеберлік мектебі екі бағытта жұмыс жасайтын болады:

- **Біріншісі** – жаңа идеяларды, концепцияларды, технологияларды, әлеуметтік мәдени эксперименттерді игеру полигоны ретінде
- **Екіншісі** – шығармашылық мәдениеттің және аудандар кітапханалары мен С.Мұқанов атындағы ОӘФК кадрлық құрамының кәсіби күзіретінің даму алаңы ретінде

### **Мақсаты:**

Кітапхана қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін кітапхана ісін қайта құрудың маңызды бөлшегі ретінде дамыту. Олардың кәсіби, жалпы білім алу және мәдени деңгейін дәстүрлі және жаңа кітапханалық – ақпараттық технологиялардың негізінде жоғарылату.

### **Міндеттері:**

- ✳ Жаңашыл – кітапханалар базасының негізінде кітапханалық инновациялық тәжірибені трансляциялау үшін өндірістік-тәжірбиелік оқу шеберханаларын, зертханаларды, шебер-кластарын құру.
- ✳ Кітапхана қызметкерлерінің шығармашылық дамуына қолайлы жағдай жасау
- ✳ Кітапхана қызметкерлерінің креативті ойлау қабілетін тәрбиелеу, кәсіби білімі мен біліктілігінің алмасуы
- ✳ Жаңашыл идеяларды іздеп, енгізуді ынталандыру

### **Оқытудың түрлері мен әдістері:**

Лекциялар, шығармашылық зертхана, экскурсиялар, шолулар, психологиялық тренингтер, кітапханалық нұсқама, әңгімелесулер, іскер ойындар, дөңгелек үстелдер, тест-сынақтар, тренингтер, консультациялар, практикумдар.

Сабақ нәтижесі бойынша тест-сынақтар өткізіледі.

### **Берген бағдарламаның қортындысы**

кітапханалық жұмыс тәжірибесі мол кітапхана қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін қазіргі заманғы ақпараттық қызмет көрсету, маркетинг, менеджмент, қолданбалы психология негіздерін меңгеру бойынша талап деңгейіне барынша жақындату болады.

## Бағдарламалық шаралар тізімі

№ р/с	Білім беру түрі	Жүзеге асыру мерзімі
	<p>Тыңдаушылардың барлық санатына арналған <b>Семинарлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Жаңа Қазақстанға жаңа кітапханалармен»</li> <li>• «Ақпараттық қоғамда кітапханалардың даму стратегиялары»</li> <li>• «Қазіргі заманғы аудандық кітапхана: жетістік формуласы»</li> <li>• «Есіл өңірі кітапханалары: жаңа беталыстар мен дәстүрлі құндылықтар»</li> </ul>	2011 ж.
	<p>Тыңдаушылардың барлық санатына арналған <b>Семинарлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Шығармашылық жаңа кітапханаға апарар жол ретінде: идеядан практикаға»</li> <li>• «Кітапхана құқықтық ақпаратты тарату арнасы ретінде»</li> <li>• «Жастарға арналған кітапхана: қазіргі заманғы, қызықты, қажетті»</li> <li>• «Ақпараттық қоғамда кітапханалардың ақпараттық мүмкіндіктерін кеңейту»</li> </ul>	2012 ж.
	<p>Тыңдаушылардың барлық санатына арналған <b>Семинарлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Кітапхана – экологиялық мәдениет пен ақпарат орталығы ретінде»</li> <li>• «Село кітапханасының жаңа бейнесі: жету әдістері»</li> <li>• «Кітапханалардың халықаралық қатынасты кеңейтудегі және аймақаралық қарым-қатынас мәселелеріндегі рөлі»</li> <li>• «Жанұя. Кітапхана. Мектеп: Тәжірибе.Мәселелер. Шешімі»</li> </ul>	2013 ж.
<b>Аудандық деңгей</b>		
1	«Дәстүрлі емес жағдайда дәстүрлі жайында» шебер-класс (ақпараттандырудың дәстүрлі және инновациялық түрлерінің үйлесімі)	2011
2	«Көпшілікке қолжетімді кітапханалар базасындағы көпшілікке арналған ОҚА жұмыс тәжірибесі» шебер-класы	2011
3	«Сайттық құрылым: тәжірибе, проблемалар және оларды шешу жолдары» шебер-класы	2011
4	«Құжаттарды цифрлау. Штрих-кодтау» практикумы	2011
5	«Электронды каталог. Карточкалық каталогтарды ретроконверсиялау. РАБИС бағдарламасы» кәсіби кеңес сағаты	2011
6	«Кітапханалық қақтығыстану: дұрыс және бұрыс» өндірістік жағдайларды талдау	2009
7	«Кітапханалық іскер ойындар: әзірлеу және ұйымдастыру деңгейі» өзекті сұхбат	2012
8	«Кітапхана қорының құрылымдық бөлімшелерін тексеру» іскер ойын	2012
9	«Кітапхана қорының қолданылуын және құрамын талдау» практикумы	2012
10	«Кітапханалық-ақпараттық маркетинг: түбірлі мәселелерге жаңа көзқарас» әдістемелік ой қозғау	2010
11	«Библиографиялық құралдар жәрмеңкесі» идеялар	2012

	жәрмеңкесі	
12	«Қордың құрамын және қолданылуын талдау» практикумы	2012
13	«Сондай ұқсас болса да әртүрлі: кітапханаларды бағыттауға қазіргі заманғы көзқарас» әдістемелік мәнзара	2012
14	РАБИС пен жұмыс істеу практикумы	2013
15	Библио-шоу «Сіздің стиліңіз: Қазіргі заманғы кітапхананың имиджі»	2013
16	Жаңа идеялар аукционы «Кітапханалық қызмет көрсету және сервистік инновациялар: жаңа мүмкіндіктер ізденісі»	2013
<b>Қалалық деңгей</b>		
1	«Құжаттарды кітапханалық сипаттаудағы жаңалықтар» шебер-класы	2011
2	«Кітапхана интерьерлерін қазіргі заманғы әдіспен рәсімдеу» топтық консультация	2011
3	«Кітапханашының имиджі оқырмандарға қызмет көрсету көрсеткіші ретінде» өзекті консультация	2011
4	Час практики «Интернеттегі Ресейлік және қазақстандық кітапханалық сайттар» тәжірибе сағаты	2011
5	«Жарнама – был қызықты!» кәсіби оқыту бейнемектебі	2012
6	«Оқырмандарға жаппай қызмет көрсетудің дәстүрлі және жаңа түрлерін қалыпсыз қолдану тәсілі» пікір алысу	2012
7	«Үлгілер мен шешімдердегі кітапханалық қақтығыстану» жағдайды талдау	2013
8	«Кітапханалық құрама» мерекелік КТК	2013

### “Көшбасшы” жетекшілер мектебі

Қандай да болмасын кітапхана жұмысының жетістігі көбінесе менеджменттің әсерлі болуына байланысты. Жетекші буынның біліктілігін жоғарылату үшін “Көшбасшы” жетекшілік Мектебінің жұмысы жоспарлануда.

#### Мақсаты:

Кітапханалар мен ОӘФК бөлім жетекшілерінің әлеуетін көтеріп, олардың басқармашылық құзіретін өсіру және шығармашылық сапасын дамыту.

#### Міндеттері:

- ✳ Кітапхана ісінің қазіргі заманғы түрлері мен жетекшілік жасау әдістерін зерттеу
- ✳ Жетекшінің көшбасшылық сапасын дамыту
- ✳ Өзіндік бастаманы, шығармашылықты, жаңашылдықты ынталандыру

#### Білім берудің түрлері мен әдістері:

Практикум, лекция, іскер ойын, дөңгелек үстел, психологиялық нұсқама, өндірістік жағдайларды өңдеу, консультациялар, шолу, шеберлік сағаты, хабарлама-ұсынымдар, тәжірибе алмасу.

Берілген деңгейдің қортындысы жетекшілердің бойында ұжымдық жұмысқа деген біліктіліктің, имиджді мен стильді жетекшіліктің дамуы, кітапхана ұйымын тиімді басқару туралы мәселенің көтерілуі, жетекшілердің өзіндік менеджментке деген жаңа амалдарының проекциясы болады.

#### Бағдарламалық шаралар тізімі

№ р/с	Білім беру түрі	Жүзеге асыру мерзімі
<b>Аудандық деңгей</b>		
1	«Кітапханадағы басқару жұмысы» дөңгелек үстел	2011
2	«Қазіргі кезеңде кітапхана қызметінің сапасын бағалау өлшемі» жетекші сағаты	2011

3	«Әріптестер тәжірибесін жұмыс тәжірибесінде қолдану» кәсіби әңгімелесу Күні	2011
4	«Кітапханалардың жобалы дамуы» менеджмент курсы	2011
5	«Фондрейзинг дегеніміз не, немесе қалай ақша сұрауымыз керек» топтық консультация	2012
6	Авторлық бағдарламаларды және жобаларды қорғау	2012
7	«Команданы қалай қалыптастыру керек» іскерлік тренинг	
8	«Село кітапханаларын ақпараттық технологиялар негізінде жаңғырту» өндірістік сабағы	2012
9	«Көшбасшының жетістік формуласы» әлеуметтік – психологиялық тренинг	2013
10	«XX ғасыр кітапханасы. Қандай болуы қажет?» дөңгелек үстелі	2013
11	«Кітапхананың басқаруындағы маркетинг» оқу тренингі	2013
12	«Кітапхана тәжірибесіндегі стандарттар мен нормативтер» консультациясы	2013
<b>Қалалық деңгей</b>		
1	«Басқару қызметінің деңгейлері, функциялары және әдістері» кітапханалық менеджменті	2011
2	«Өзіміз оқуға және басқаларды оқытуға» стандартты емес идеялар сағаты	2011
3	«Команданы қалай қалыптастыру керек» іскерлік тренинг	2012
4	«Қазіргі заманғы жетекшінің мәдениеті» дөңгелек үстел	2012
5	«Кітапхананың ақпараттық көркін жоғарылатуда жаңа технологиялар рөлі» өндірістік оқу	2013
6	Авторлық бағдарламалар мен жобаларды қорғау	2013

Бағдарлама шеңберінде оқу материалдарын лекция түрінде беру азайтылып, меңгеруді жеңілдететін және оқуға деген уәж деңгейін жоғарылататын белсенді оқыту әдістері кеңінен қолданылады.

Үздіксіз кітапханалық білім берудің көп деңгейлі жүйесінің қызметі Солтүстік Қазақстан облысы кітапханаларының әсерлі дамуы үшін кітапхана мамандарының біліктілігін сапалы жоғарылатуға мүмкіндік береді.

### **Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижелігі және бағалау критерийлері**

- “Кәсіпкер” кәсіби біріккен оқу Орталығыны тыңдаушыларының сандық көрсеткіші
- “Өзіңнің жаңа деңгейіңді біл” тыңдармандарды тестілеу нәтижесі бойынша білім сапасын бағалау
- Алынған білімге негізделген және оқырмандар қажеттілігінің толық орындалуын көздейтін өзіндік ерекше бағдарламалар мен жобаларды құруда кітапхана мамандарының қатысуы.
- Аймақтың инфрақұрылымында мемлекеттік кітапханалардың көпшілікке танымалдығының өсу серпіні (оқырмандар ағымы мен серіктестер шеңберінің өсуі, БАҚ-та ескерілу жиілігі, жобаларды қолдау және оларда жергілікті қоғамдастықтың қатысуы).


## Бағдарламаны жүзеге асырудағы күтілетін нәтиже:

- Солтүстік Қазақстан облысында үздіксіз кітапханалық білім берудің бүтін инфрақұрылымын қалыптастыру.
- Облыстық кітапхана қызметкерлерінің зияткерлік және кәсіби деңгейін жетілдіру
- Компьютерлік технологияларды кітапхана тәжірибесінде оқуға тарту және кітаптың әсерлі жарнамасын жасау мақсатында қолдануды жеделдету.
- Аймақ кітапханаларын жаңғырту, оларды жаңа даму сатысына көтеру
- Кітапханалық инноватиканы қазіргі кітапханалық ортаға жедел тарату
- Кітапханалық мамандық беделінің өсуі
- С.Мұқанов атындағы ОӘҒК әлеуметтік мәдени институт және аймақтық кітапханалардың ұйымдастырушы-әдістемелік орталығы ретіндегі маңызының және қоғамдық мәртебесінің жоғарылауы

Идея мен әзірлеменің авторы:

С.Мұқанов атындағы ОӘҒК  
инновациялық-әдістемелік  
бөлімінің меңгерушісі Самсонова Л.Н.

## **С.Мұқанов атындағы ОӘҒК қызығушылық танытқан ұйымдармен үйлестірушілік ынтымақтастығы**



## Паспорт Программы

Название программы	<b>«Магия успеха или Школа профессионального роста»</b>
Основание для разработки:	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Руководство ИФЛА/ ЮНЕСКО по развитию службы публичных библиотек</li> <li>▪ Модельный стандарт деятельности публичной библиотеки</li> <li>▪ «О культуре» :Закон Республики Казахстан №207 от 26.12.2006 г.</li> <li>▪ Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана»</li> <li>▪ Концепция развития библиотечного дела в Северо-Казахстанской области до 2015 года</li> <li>▪ Правила о деятельности библиотечных учреждений Республики Казахстан, №118 от 08.05..2002г.</li> <li>▪ Устав КГУ «Северо-Казахстанская универсальная научная библиотека им. С. Муканова»</li> </ul>
Разработчик Программы	Северо-Казахстанская универсальная научная библиотека им. С. Муканова
Цель Программы:	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Создание ступеней непрерывного обучения работников библиотек области и города, с учетом образования, стажа работы и занимаемой должности для обеспечения эффективной работы библиотек и их динамичного развития в современных экономических условиях ;</li> <li>- Обучение слушателей программы профессиональным знаниям и навыкам, отвечающим сегодняшним и завтрашним требованиям в работе с использованием традиционных и инновационных технологий ;</li> <li>- Создание каждому библиотекарю благоприятного режима для реализации его творческого потенциала в профессиональной деятельности ;</li> <li>- Воспитание библиотекаря творчески мыслящего, самостоятельного, новатора в профессии.</li> <li>-</li> </ul>
Задачи Программы	<p><b>Стратегические:</b> Приведение знаний, умений и навыков персонала библиотек в соответствии с требованиями, предъявляемыми обществом к современной библиотеке</p> <p><b>Исследовательские:</b> Оценка эффективности проведенных занятий, определения полезности учебной программы для каждой категории обучающихся сотрудников через анкетирование и специальное тестирование</p> <p><b>Методические :</b> Разработка учебных планов программы, подбор</p>



